

«Бекітемін»
Әлеуметтік –
Ғылымдар кафедрасы
меңгерушісі PhD, Сеңгірбай М.
«___»_____2016 – 2017 оқу жылы

**Құқық және әлеуметтік – гуманитарлық ғылымдар
факультеті**

Пән атауы: **Қазақстан тарихы**
Тақырып: **Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан межелеу
саясаты, оның Қазақстанға әсері**

Пән оқытушысы:
PhD, аға оқытушы **Тұрлыбек Аслан Еділханұлы**

Қаскелең 2016

Жоспар

- **Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан межелеу**
- **Қазақ байларын тәркілеу**
- **Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты, ұжымдастырудың қортындылары**
- **Мал шаруашылығын ұжымдастырудағы қателіктер мен бұрмалаушылықтар**
- **Отызыншы жылдардағы ашаршылық**
- **Қазақстанды индустрияландыру**

Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік тұрғыдан Межеллеу

- Түркістан автономиялық республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Т.Рысқұлов 1920 жылы Орта Азия мен Ресейді мекендеген түрік тектес халықтардың басын біріктіріп түрік республикасын құру, осы халықтардың өкілдері мүшесі болатын түрік коммунистік партиясын құру туралы идея көтереді.
- Оның мақсаты түрік халықтарының басын біріктіріп оны осы халықтар тұрғысында шовинистік саясат ұстанып отырған Кеңес үкіметіне қарсы қою еді. Түрік тектес халықтардың басының бірігуі Кеңес үкіметіне қауыпты еді.
- Сондықтан Коммунистік партия, Кеңес үкіметі Т. Рысқұловтың бұл идеясын қабылдамай тастады да, оның алдағы уақыттарда да жүзеге асу жолын кесуді ойлады.

- Бұл 1924 жылы жүргізілген межелеу саясатының негізгі мазмұны болды. Бұл саясат арқылы Кеңес үкіметі бір республикаға бірігіп отырған халықтарды бірнеше республикаға бөліп оларды ыдырату саясатын жүргізді.
- Өзбекстанды одақтас республика жасады, қалған үш халықты /қырғыз, түрікмен, тәжік/ автономиялық республика, облыс жасап біреулерін Өзбек ССР-на, біреулерін РСФСР-ға қаратты.
- Кеңес үкіметі бұл саясатты жүргізгенде коммунистік партия әрбір ұлтқа өз мемлекеттігін құрып беріп отыр деп түсіндірді.

- Бұл мемлекеттер сол халықтардың шын мәніндегі тәуелсіз мемлекеті бола алмағаны, Кеңес үкіметінің межелеу саясатының мақсаты түрік тектес халықтардың басын біріктірмеу, керісінше оларды өз ара ажырату болғаны айқын.
- Межелеу кезінде бұрын Түркістан АССР-ның құрамында болған екі облыс-Жетісу мен Сырдария облысы Қазақ АССР-на қосылды.
- Экономикасы салыстырмалы түрде жоғары дамыған, халқының көпшілігі қазақтардан құрылатын екі облыстың қосылуы Қазақстанға тиімді болды. Ресей оның есесіне Қазақстанның біраз жерін өзіне қосып алды.

Қазақ байларын тәркілеу

- ❑ 1928 жылы Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті байлар мен кулактар шаруашылығын тәркілеу туралы декрет қабылдады.
- ❑ Байлар деп мал шаруашылығымен, кулактар деп егіншілікпен шұғылданғандарды айтып отыр.
- ❑ Барлық малды ірі қараға шаққанда көшпелі аудандарда 400, жартылай көшпенді аудандарда 300, отырықшы мал шаруашылығымен шұғылданған аудандарда 150 ірі қара малы барлар байлар деп тәркіленді.
- ❑ Сонымен бірге бұрынғы сұлтандар, болыстар тәркіленді. Тәркіленген байларды басқа аудандарға жер аударуға тиіс болды.

- Қазақстанда 696 ірі байлар тәркіленді, олардан 145 мың ірі қара алынды. Тәркіленген малдарды құрылып жатқан колхоздар мен кедейлерге бөліп берді, қазақ байлары мен қатар 3123 кулактардың жері тәркіленді.
- Байларды тәркілеу кезінде көптеген қателіктер, бұрмалаушылықтар орын алды. Феодал деп атауға болатын ірі байлармен қатар біраз ауқатты шаруалар тәркіленді.
- Байларды жер аудару туралы шешім қабылданғанда үкімет олардың алда жүрілуге тиіс ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға кесірі тиеді деп есептеп тәркіленген байларды басқа аудандарға жер аудармақ болды.

- Байларды тәркілеу жұмысын жергілікті жерлерде ұйымастырған саяси басқарманың адамдары олардың біразын шөл, шөлейт жерге апарып тастады.
- Олар Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шықты. Қазақстанның біраз аудандарында болған көтеріліске қарапайым халық та қатысты.
- Көп өнім бере алатын ірі шаруашылықтарды тәркілеу ел экономикасына көп зыян әкелді. Байлардан тәркіленген малдардың көпшілігін колхозшылар, кедейлер өсірмеді,
- Күнделікті азық-түлікке пайдаланды. Сөйтіп байларды тәркілеу саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да нәтиже бермеді.



XX-ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ қоғамының мемлекеттік құрылымын жаңа әрі өркениетті тұрғыда қалпына келтіруге тырысқан алаш қайраткерлерінің ел ішінде сенім артқан әлеуметтік тірегі қазақ байлары болғаны талас тудырмайды.

Алаш қозғалысының халық арасында кең таралуына, жергілікті қазақ көмитеттерінің берік орнығуына аталмыш әлеуметтік топ өкілдері өз септігін тигізді. 1928 жылғы 27 тамыздағы ”байларды тәркілеу және жер аудару туралы“ декреттің қаулысына сәйкес мал-мүлкі тәркіленіп, қазақстанның басқа аудандарына және республикадан тысқары аймақтарға жер аударылды.

Байлардың бірәз бөлігі 1929-1931 жылдары бүкіл қазақстан территориясын қамтыған күштеп ұжымдастыруға және тәркілеуге қарсы бағытталған көтерілістерге қатысты.

XX-ғасырдың 20-30 жылдарында кеңестік баспа сөз тарапынан «алашордашыл», «көнтрөбанда», «ұлтшыл» деп айыпталған қазақ байлары мемлекеттік деңгейде әлі ақталған жоқ.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты, ұжымдастырудың қортындылары

- Кеңес Одағының Коммунистік партиясының ХҮ съезі Кеңес Одағында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру туралы шешім қабылдады.
- Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру 1929-1932 жылдары жүрілді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырғанда партия және Кеңес үкіметі бірнеше мақсат қойды.
- Осы кезде Кеңес Одағында өнеркәсіп мемлекеттік меншікте болды да ауыл шаруашылығында жеке меншік үстем болды.
- Меншіктің екі түрінің арасындағы қайшылықты жою ұйымдастырудың негізгі мақсатының бірі болды.

- Екіншіден, КОКП мен Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, ұжымдасқан еңбектің нәтижесінде еңбек өнімін жоғарлатып халықтың тұрмыс күйін жақсартпақ болды.
- Үшіншіден, ауыл шаруашылығындағы жеке меншікті жойып ауыл шаруашылығынан алынатын өнімді үкімет қолына топтастыру арқылы елді индустрияландыруға қор жинамақ болды.
- Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын жүргізгенде көтерген мақсаттардың ішінен жоғарыда айтқандардың бірінші, үшіншісі орындалып, екіншісі орындалмады, нәтиже бермеді.

- Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру еңбек өнімін арттыру мақсатын шеше алмады.
- Ұжымдастырғаннан соңғы 70 жылда Кеңес одағында, соның ішінде Қазақстанда егістік өнімі өспеді, мал басы азайды.
- Ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың нәтижесінде ұжымдық меншікке сүйенген колхоз, мемлекеттік меншікке сүйенген совхоз деп аталатын шаруашылықтың екі түрі орнады.
- Ұжымдық меншік келе келе мемлекеттік меншіктің бір түріне айналды.

Мал шаруашылығын ұжымдастырудағы қателіктер мен бұрмалаушылықтар

- Мал шаруашылығын ұжымдастырудың өзі қате саясат болды, сондай саясатты жүзеге асырғанда көптеген бұрмалаушылықтар мен қателіктер орын алды.
- Кеңес Одағында 1920-1940 жылдары социализм орнату мақсатында жүзеге асырылған ірі-ірі экономикалық өзгерістердің ішінен нәтиже бермегені ауыл шаруашылығын ұжымдастыру болды.
- Бұл шара сонымен бірге қазақ халқына ауыр зардап әкелді. Қазақ халқы жанынан, малынан айырылып қалды.
- Ұжымдастыру барысында жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылықтар:

- 1. Ұжымдастыру Кеңес Одағында, Қазақстанда халықтың өз еркімен емес, күшпен, әкімшілік әдіспен жүрілді.

Колхозға кірмегендерді барлық жағынан қыспаққа алды, олардың сайлау еркін жойды, жер-су, жайылыммен, салықпен қысты, бай, кулак деп тәркілейміз, жер аударамыз деп қорқытты.

Осылардың салдарынан колхозға күшпен кіргендер көп болды, олардың колхозды көркейтуге пайда келтірмейтіні белгілі.

- 2. Ұжымдастыру халықты күшпен отырықшыландырумен ұштастырылды.

Отырықшыландыру тәрізді күрделі мәселені қазақтың киіз үйлерін бір жерге жинап көше-көше етіп тігумен шешпек болды.

Бір жерге топтасқан мал сол жерлердің шөбі біткенде жаппай қырылды.

- 3. Ұжымдастыруды жүргізгенде ұжымдасқан шаруашылықтың серіктестік тәрізді қарапайым түрінен бастап халықты біріккен еңбекке үйретіп оның артықшылығына олардың көзін жеткізу қажет еді.

Іс жүзінде біріккен шаруашылықтың колхоз, коммуна тәрізді жоғарғы түрлерін таңдады.

- 4. Ұжымдастыруды мемлекетке ет дайындау науқанымен қоса жүргізді. Ет дайындау міндетін орындамағандар қатал жазаланды.

Егін екпейтін көшпенді қазақтардан астық салығын алды.

Аталмыш қателіктер қазақ халқына ауыр зардап әкелді.



«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын»

1925 жылы жазда республика басшылығына Орталық [Филипп Исаевич Голошекин](#)ді жіберді

Қазақ қожалықтарын жаппай отырықшы [тұрмысқа](#) аудару оларды мемлекет тарапынан материалдық және қаржылай қолдаусыз, құр науқаншылық шаралар арқылы жүргізілді.

Бұл зор ауқымды шараларды қауырт түрде іске асыру [идеясы](#), авторларының көздеген басты мақсаттарының бірі — қоныс аударушыларға молырақ қазақ жерлерін босатып беру болды.

БОАК-тың 1928 жылғы 29 наурыздағы қаулысында қазақтардың белгіленген мөлшерден артық жерлерін кесіп алу көрсетілді. Осылайша [Кеңес үкіметі](#) қазақ жерін отарлау ісіне жаңа қарқын берді.

Бұдан кейін қабылданған [шешімдер](#) мен қаулылар патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатының қайта тіріліп, кеңестік заманда жаңа бағытта жүргенін байқатады.

Зұлымдық дендесе қоғам арадай таланбай тұрмас.

- 1931 жылдың 13 ақпандағы республикалық жиында Голощекин баяндама жасап: «182 аудан астық дайындау жоспарын орындамады, ет да- йындау майданында 700 000 тонна жоспары ақсап тұр, әр облыста 7-8 мың бас мал сойылады, тым аз, байлардың малын тездетіп жинап алмай жатырмыз.
- Мұндай кем- шіліктер мен қателіктерді кешіруге болмайды, бұл қыл- мыс!» – деп сайраған. Елдің іргесіне тақалып құру деңгейіне жеткенімен шаруасы жоқтығын байқатқан. Соны түсінгендер, ауыл-елді көзімен көріп жүргендер: – Халықта мал қалған жоқ, байлар тәркіленіп бітті.
- Жұтаған жұртты барып көріңіз? – Орта шаруаларда мал бар емес пе? – Олар да тазартылды. Кедейлердің күнкөрісі қиындады. – Тауық асырасын! – деп Голощекин айқайға баспай ма? – Тауықты сауа алмайды ғой. Сиырдың сүтімен жүрек жалғап отырғандар аштыққа ұрынуы мүмкін.

Айналайын, үкімет, Бергеніне шүкір ет.

Байлығыңды тартып ап, Бетіңе бір түкіреді. Айналайын,
үкімет, Жақсылығы жарылқап, Тегін тамақ ішсін деп,
Түрмелерге үкітет.

Табыл Құлыяс, «Таңдамалы» Фолиант, Астана -2015, I том.



Бірде Қожанасыр бір үлкен ағаштың астында демалып жатып: - Осы талда қанша жапырақ болса, менің сонша малым болса ғой шіркін, – деп ойланып, қиялдаса керек.

Оны бір көршісі естіп қойып: - Қожеке, сонша малыңыз болса, менімен бөлісер ме едіңіз? – депті.

Сонда Қожанысыр: - Ой, біреудің мал-мүлкіне ортақтасқанша, басқа тал тауып алмайсың ба? – дейді

Дереккөзі: <https://www.zharar.com/kz/anedot/2073-koja.html>

© www.ZHARAR.com 19.09.2016, 09:42

Отызыншы жылдардағы ашаршылық

- Ауыл шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын ұжымдастыру саясаты, бұл саясатты жүзеге асыруда жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылықтар қазақ халқына аса ауыр зардап әкелді.
- Біріншіден қазақ халқы малынан айырылып қалды. 1929 жылғы 40 млн малдан 1932 жылы 5-ақ млн мал қалды.
- Екіншіден, қазақ халқы бұрын соңды болмаған ашаршылыққа ұшырады. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 5,8 млн. қазақ болған.
- 1933 жылы 2,5 млн қазақ қалды. 2 млн қазақ аштан қырылды. 1,3 млн қазақ басқа жаққа көшіп кетті.

- Сөйтіп қазақ мемлекеті малының 88 пайызынан, халқының 60 пайызынан айырылып қалды. Қазақ халқының басына түскен бұл оқиғаның зардабы "**Ақтабан шұбырынды**" оқиғасымен пара-пар болды.
- Көптеген өлкелер, соның ішінде қазақ халқының алтын бесігі Сарыарқа өлкесі қаңырап бос қалды. Қазақтың талай әулеті құрып кетті.
- Аштан қырылған халықтың орны 35 жылдан соң ғана толды. Бұл қайғылы оқиғаның көп себептері бар.
- Негізгі себеп коммунистік партияның, оның жергілікті өкілдерінің мал шаруашылығын ұжымдастыру туралы қате саясаты, сол саясатты жүзеге асырғанда жіберілген қателіктер болды.

- Қазақстанда бірінші басшы болып істеген Голощекин қазақтардың жаппай құрылып жатқанын естігенде бұл қазақ ауылындағы тап күресі, қазақтың бізге жақтастары қалып тап жаулары құрылды деп мәлімдеген.
- Қазақтар жаппай қырылып жатқанда Кеңес үкіметі шет елге валютаға астық сатып отырды.
- Қазақ зиялылары қолдан келген шарасын істеді. Т. Рысқұлов РСФСР үкіметінің төрағасының орынбасары ретінде ашаршылыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастырды.
- Т.Рысқұлов және басқалар Сталинге, Голощекинге хат жолдап ашаршылықтың ащы шындығын ашып көрсетті.
- Кеңес дәуірінде қазақ халқының басына түскен ауыр хал-ахуал жасырын ұсталды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана бұл қайғылы оқиғаның бет пердесі ашылды.



Ашаршылық құрбандарына еске алу

1 минуттық тағзым

Су анасы БҰЛАҚ

Жол анасы ТҰЯҚ

Сөз анасы ҚҰЛАҚ

**Зейін қойып тыңдағандарыңыз үшін
рахмет**